

**Костанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті және
«Қостанай гуманитарлық колледжі» мекемесі арасындағы
ынтымақтастық туралы МЕМОРАНДУМ**

Костанай қаласы

2022 жылғы «16» наурыз

Мемлекеттік кірістер органдары үшін жоғары білікті мамандарды даярлау сапасын жетілдіруге жәрдемдесу мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер Департаменті, әрі қарай Ереже негізінде әрекет ететін және «Департамент» деп аталатын, басшысы С.А. Ахметовтың атынан және Жарғы негізінде әрекет ететін, бұдан әрі «Колледж» деп аталатын «Қостанай гуманитарлық колледжі» мекемесі директоры Айтмагамбетов Ермек Жылгелдэновичтің атынан бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар бұдан әрі ынтымақтастыққа қатысты өз ниеттерін білдіреді және төмендегілер туралы келіседі:

1 мақала. МЕМОРАНДУМ МӘНІ

- 1.1. Осы Меморандумның негізгі мәні мемлекеттік кірістер органдары үшін жоғары білікті кадрлар даярлау жүйесін құру саласындағы ынтымақтастық болып табылады.
- 1.2. Осы Меморандумды орындау мақсатында Тараптар өзара ынтымақтастықтың мынадай салаларын айқындайды:
 - 1.2.1 мамандарды даярлау сапасын арттыру;
 - 1.2.2 салық және салық салу, заң қызметі, кеден қызметі салалары үшін оқу процесін және кадрларды практикалық даярлауды жетілдіру;
 - 1.2.3 Колледждің экономикалық және заң мамандықтарының студенттерін оқытуға арналған әдістемелік құралдарды дайындау, басып шығару және үнемі жаңартып отыру;
 - 1.2.4 салық салу жүйесін дамытудың өзекті мәселелері бойынша бірлескен

жоспарлар, бағдарламалар, жобалар өзірлеу, семинарлар, конференциялар, дәңгелек үстелдер, дәрістер, мастер-кластар өткізу;

1.2.5 Облыстың мемлекеттік кірістер органдарында экономикалық және заң мамандықтары студенттерінің өндірістік және диплом алдындағы практикадан өтуіне ықпал ету;

1.2.6 Облыстың мемлекеттік кірістер органдарында жұмысқа тарту үшін тұлектердің, оқытушылардың, практиктердің деректер банкін құру;

1.2.7 Мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлерін оқытушы ретінде тарту;

1.2.8 бейінді мамандықтар бойынша облыстың мемлекеттік кірістер органдарында дәрістер оку, қызметкерлердің кәсіби-психологиялық тренингтерін өткізу үшін Колледж оқытушыларын тарту;

1.2.9 Тараптар келісken ынтымақтастықтың кез келген басқа да тұрлери.

2 мақала. ТАРАПТАРДЫҢ НИЕТІ

2.1 Осы Меморандум шенберінде «Департамент»:

2.1.1. Колледждің экономикалық және заң мамандықтарының білім беру бағдарламаларын өзірлеуге және сараптауға қатысады;

2.1.2. Колледж студенттерінің Мемлекеттік кірістер органдарында өндірістік және дипломалды практикадан өтуін қамтамасыз етеді;

2.1.3. Колледждің әрбір мамандығы бойынша (экономикалық және зангерлік) салықтық сауаттылық сағаттыры өткізеді;

2.1.4. Колледж тұлектерінің курстық жұмыстарын қорғауға қатысады;

2.1.5. білім беру талаптарын көрсете отырып, бос лауазымдар туралы ақпаратты Колледжге жібереді.

2.2. Осы меморандум аясында «Колледж»:

2.2.1 оку зертханасын заманауи компьютерлік жабдықтармен, оку-әдістемелік әдебиеттермен жабдықтауды қамтамасыз етеді;

2.2.2 курстық жұмыстарды жазу кезінде кеңесшілер, рецензенттер ретінде мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлерін тартады;

2.2.3. Мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлерін қонақтық дәрістерін окуға тартады.

3 мақала. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ИС-ҚИМЫЛЫ

3.1. Осы Меморандум шенберінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады және тең құқықтық, ашықтық және парасаттылық қағидаттарында өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

3.2. Тараптар туындайтын мәселелерді қарau және бірлескен іс-қимылдар жүргізу үшін Тараптар жіберетін өкілдер арқылы осы Меморандумның тармақтарын орындау мәселелері бойынша бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайды.

3.3. Осы Меморандумды жүзеге асыру кезінде тараптар бір-біріне берілетін ақпараттың құпиялышына кепілдік береді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, олар алған ақпаратты жария етпеуге және үшінші тұлғаларға бермеуге кепілдендіріледі.

4 мақала. БАСҚА ШАРТТАР

4.1. Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қолымен жазбаша нысанда ресімделеді және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

4.2. Осы Меморандум оған екі тарап қол қойған күннен бастап күшіне енеді және екі тарап оны екі жақты келісім бойынша немесе Тараптардың бірінің қалауы бойынша кемінде 30 күн бұрын екінші Тарапты алдын ала хабардар ете отырып, бұзған сәтке дейін қолданылады.


4.3. Меморандум мәтіні қазақ және орыс тілдерінде екі данада, әрбір тарап үшін Дананың бойынша жасалады.

ҚР ҚМ МҚК Қостанай облысы
бойынша Мемлекеттік кірістер
департаменті

110000, Қостанай қ.

Майлина 2а көшесі

Басшы



«Қостанай гуманитарлық

колледжі» мекемесі

110000, Қостанай қ,

«Әл-Фараби даңғылы, 109

Директоры

Е. Айтмагамбетов

